

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде жүзеге асырылатын қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын бухгалтерлік есепке алу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 15 шілдедегі N 95 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 16 тамызда тіркелді. Тіркеу N 3015. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық банк Басқармасының 2008 жылғы 28 қарашадағы N 98 Қаулысымен.

*Күші жойылды - ҚР Ұлттық банк Басқармасының 2008.11.28 N 98 Қаулысымен.*

----- Қаулыдан үзінді -----

*Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есебін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:*

*1 . . . . .*

*2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.*

*3. Осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап:*

*1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде жүзеге асырылатын қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын бухгалтерлік есепке алу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2004 жылғы 15 шілдедегі N 95 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3015 тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2004 жылғы 24 тамызда N 216 ( 2 3 8 5 1 ) ж а р и я л а н ғ а н ) ;*

*2) ... күші жойылды деп танылсын.*

*4 . . . . .*

*5 . . . . .*

*6. ...*

*Ұ л т т ы қ                      Б а н к*

*Төрағасы*

*Ә. Сәйденов*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде жүзеге асырылатын қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын бухгалтерлік есепке алуды жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде жүзеге асырылатын қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын бухгалтерлік есепке алу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Бухгалтерлік есеп департаменті (Шалғымбаева Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап жеті күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігіне жіберсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары осы қаулыны жеті күндік мерзімде почта байланысының уәкілетті ұйымына және қызметінің жалғыз түрі қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын барлық уәкілетті ұйымдарға жіберсін.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны алған күннен бастап үш күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз ету шараларын қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Н.Қ. Абдулинаға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

*Төрағасы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі  
Басқармасының "Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде  
қолма-қол шетел валютасымен айырбастау  
операцияларын бухгалтерлік есепке  
алу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы"

2004 жылғы 15 шілдедегі N 95

қаулысымен бекітілді

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
лицензиясы негізінде қолма-қол шетел валютасымен**

## **айырбастау операцияларын бухгалтерлік есепке алу жөніндегі нұсқаулық**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының "Бухгалтерлік есеп және қаржы есебі туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2509 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы қаржы рыногының жекелеген субъектілері үшін бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарын бекіту туралы" 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 324 қаулысына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқа нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде почта байланысының уәкілетті ұйымына және қызметінің жалғыз түрі қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын барлық уәкілетті ұйымдар (бұдан әрі - уәкілетті ұйым) жүзеге асыратын қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын бухгалтерлік есепке алу тәртібін белгілейді.

3. Қолма-қол шетел валютасымен операцияларды бухгалтерлік есепте көрсету үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің 2002 жылғы 23 желтоқсандағы N 629 бұйрығына және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2106 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Валюта айырбастаудың рыноктық бағамын айқындау тәртібін белгілеу туралы" 2002 жылғы 23 желтоқсандағы N 512 қаулысына сәйкес айқындалатын және қолданылатын валюта айырбастаудың рыноктық бағамы (бұдан әрі - есепке алу бағамы) пайдаланылады.

4. Осы Нұсқаулық екінші деңгейдегі уәкілетті банктерге және кредиттік серіктестіктерге қолданылмайды.

### **2-тарау. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын аванс пайдаланбай алу тәртібі**

5. Басшының бұйрығымен өкілеттік берілген басшы немесе лауазымды тұлға шығаратын сатып алу, сату бағамдарын және кросс бағамдарды белгілеу туралы жазбаша нұсқау және осы Нұсқаулықтың 6-8 тармақтарында көзделген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1010 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулықта бекіту туралы" 1999 жылғы 15 қарашадағы N 400 қаулысымен белгіленген нысан (бұдан әрі - Айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық) және тиісті шоттардың дебеті (бұдан әрі - Дт мен кредиті (- Кт) бойынша сатып алынған

немесе сатылған шетел валютасының тізілімі журналы негізінде жұмыс күнінің соңында бухгалтерлік жазбалар орындалады.

6. Теңгеге шетел валютасын сатып алған кезде:

1) сатып алу бағамы есепке алу бағамынан төмен болса:

Дт 452 "Кассадағы шетел валютасындағы қолма-қол ақша" - сатып алынған шетел валютасындағы сомаға

Кт 451 "Кассадағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақша" - теңгеде төленген ақша сомасына

Кт 727 02 "Шетел валютасын сатып алу-сатудан түскен кіріс" - сатып алу бағамы мен есепке алу бағамы арасындағы айырмаға;

2) сатып алу бағамы есепке алу бағамынан жоғары болса:

Дт 452 "Кассадағы шетел валютасындағы қолма-қол ақша" - сатып алынған шетел валютасына

Дт 845 02 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шығыстар" - сатып алу бағамы мен есепке алу бағамының арасындағы айырма

Кт 451 "Кассадағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақша" - теңгеде төленген ақша сомасына.

7. Теңгеге шетел валютасын сату кезінде:

1) сату бағамы есепке алу бағамынан жоғары болса:

Дт 451 "Кассадағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақша" - теңгеде алынған ақша сомасына

Кт 452 "Кассадағы шетел валютасындағы қолма-қол ақша" - сатылған шетел валютасының сомасына

Кт 727 02 "Шетел валютасын сатып алу-сатудан түскен кіріс" - сату бағамы мен есепке алу бағамы арасындағы айырмаға;

2) сату бағамы есепке алу бағамынан төмен болса:

Дт 451 "Кассадағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақша" - теңгеде алынған ақша сомасына

Дт 845 02 "Шетел валютасын сатып алу-сатудан түскен кіріс" - сату бағамы мен есепке алу бағамы арасындағы айырмаға ;

Кт 452 "Кассадағы шетел валютаcындағы қолма-қол ақша" - сатылған шетел валютасының сомасына.

8. Кросс-бағам бойынша басқа шетел валютасына шетел валютасын сату кезінде бухгалтерлік жазбалар бір шетел валютасын сату бойынша жеке және басқа шетел валютасын сатып алу бойынша жеке орындалады. Бұл ретте осы мәмілені бухгалтерлік есепте көрсету үшін бір шетел валютасын сатуды көрсеткенде ашылатын және бір мезгілде басқа шетел валютасын сатып алуды көрсеткенде жабылатын "Басқа дебиторлық берешек" N 334 транзит шоты п а й д а л а н ы л а д ы .

Төменде, жасалынған мәміле шартына сай мынадай бухгалтерлік жазбалар к е л т і р і л е д і :

1) сату бағамы есепке алу бағамынан жоғары болса:  
 Дт 301 "Алуға арналған шоттар" - сату бағамы бойынша теңгеде сатылған шетел валютасының балама сомасына

Кт 452 "Кассадағы шетел валютасындағы қолма-қол ақша" - сатылған шетел валютасының сомасына  
 451 Кассадағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақша" (соманың бір бөлігін теңгеде төлеген жағдайда)

Кт 727 02 "Шетел валютасын сатып алу-сатудан түскен кіріс" айырмаға; - сату бағамы мен есепке алу бағамы арасындағы

2) сату бағамы есепке алу бағамынан төмен болса:  
 Дт 301 "Алуға арналған шоттар" - сату бағамы бойынша теңгеде сатылған шетел валютасының балама сомасына

Дт 845 02 "Шетел валютасын сатып алу-сатудан болған шығыстар" айырмаға; - сату бағамы мен есепке алу бағамы арасындағы

Кт 452 "Кассадағы шетел валютасындағы қолма-қол ақша" - сатылған шетел валютасының сомасына  
 451 Кассадағы ұлттық валютадағы

қолма-қол ақша" (соманың  
бір бөлігін теңгеде төлеген

жағдайда)

3) сатып алу бағамы есепке алу бағамынан төмен болса:

Дт 452 "Кассадағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақша" - сатып алынған шетел  
451 "Кассадағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақша" (соманың бір бөлігін теңгеде төлеген жағдайда)

Кт 301 "Алуға арналған шоттар" - сатып алу бағамы бойынша теңгеде сатып алынған шетел валютасының балама сомасына тең сату бағамы бойынша теңгеде сатылған шетел валютасының балама сомасына

Кт 727 02 "Шетел валютасын сатып алу-сатудан түскен кіріс" - сатып алу бағамы мен есепке алу бағамы арасындағы айырмаға;

4) сатып алу бағамы есепке алу бағамынан жоғары болса:

Дт 452 "Кассадағы шетел валютадағы қолма-қол ақша" - сатып алынған шетел  
451 "Кассадағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақша" (соманың бір бөлігін теңгеде төлеген жағдайда)

Дт 845 02 "Шетел валютасын сатып алу-сатудан түскен шығыс" - сатып алу бағамы мен есепке алу бағамы арасындағы айырмаға;

Кт 301 "Алуға арналған шоттар" - сатып алу бағамы бойынша теңгеде сатып алынған шетел валютасының балама сомасына тең сату бағамы бойынша теңгеде сатылған шетел

валютасының балама сомасына.

**3-тарау. Қолма-қол шетел валютасымен айырбас операцияларын авансты пайдалана отырып есепке алу**

9. Уәкілетті ұйым шығыс ордері негізінде айырбас пунктіне шетел валютасымен және теңгемен аванс берген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар орындалады:

1) шетел валютасындағы аванс сомасына:  
Дт 333 "Қызметкерлер мен басқа тұлғалардың берешегі" (есепке алу бағамы бойынша берілген шетел валютасының баламасы)

Кт 452 "Кассадағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақша";

2) теңгемен аванс сомасына:  
Дт 333 "Қызметкерлердің және басқа тұлғалардың берешегі"  
Кт 451 "Кассадағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақша".

10. Айырбас пункті қолма-қол шетел валютасының және теңгенің қалдық сомасын қайтарған кезде бағамдарды белгілеу туралы жазбаша нұсқау, осы Нұсқаулықтың 11-13 тармақтарында көзделген, Айырбас операцияларын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықпен орнатылған нысанға сай сатылған шетел валютасының тізілімі журнал және кіріс ордері негізінде уәкілетті ұйымдарда айырбастау операцияларын жүргізу қорытындылары бойынша жұмыс күнінің соңында бухгалтерлік жазбалар орындалады.

11. Шетел валютасы мен теңге сомасын қайтару кезінде:

1) қайтарылған шетел валютасының сомасына:  
Дт 452 "Кассадағы шетел валютасындағы қолма-қол ақша" (шетел валютасының түріне байланысты)

Кт 333 "Қызметкерлер мен басқа тұлғалардың берешегі" (есепке алу бағамы бойынша қайтарылған шетел валютасының баламасы);

2) N 333 шотының қалдығы мен теңгемен қайтарылған соманың арасындағы ең а з с о м а ғ а :

Дт 451 "Кассадағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақша"

Кт 333 "Қызметкерлердің және басқа тұлғалардың берешегі";

3) N 333 шотының қалдығы мен теңгемен қайтарылған соманың арасындағы айырмаға (жасалған айырбас операцияларының нәтижесі):  
о с ы а й ы р м а о ң б о л с а :

Дт 451 "Кассадағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақша"

Кт 727 02 "Шетел валютасын сатып алу-сатудан түскен кіріс";

о с ы а й ы р м а т е р і с б о л с а :  
Дт 845 02 "Шетел валютасын сатып алу-сатудан түскен шығыстар"  
Кт 333 "Қызметкерлердің және басқа тұлғалардың берешегі".

12. Шетел валютасының сомасын ғана қайтарған кезде:

1) шетел валютасының сомасына:  
Дт 452 "Кассадағы шетел валютасындағы қолма-қол ақша" (шетел

валютасының түріне байланысты)

Кт 333 "Қызметкерлердің және басқа тұлғалардың берешегі";

2) шетел валютасын сатып алу-сатудан түскен кіріс сомасына:

Дт 452 "Кассадағы шетел валютасындағы қолма-қол ақша"

Кт 727 02 "Шетел валютасын сатып алу-сатудан түскен кіріс";

немесе шетел валютасын сатып алу-сатудан болған шығыстар сомасына:

Дт 845 02 "Шетел валютасын сатып алу-сатудан түскен шығыстар"

Кт 333 "Қызметкерлердің және басқа тұлғалардың берешегі".

13. Теңгедегі соманы ғана қайтарған кезде:

1) теңгедегі сомаға:

Дт 451 "Кассадағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақша"

Кт 333 "Қызметкерлердің және басқа тұлғалардың берешегі";

2) шетел валютасын сатып алу-сатудан түскен кіріс сомасына:

Дт 451 "Кассадағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақша"

Кт 727 02 "Шетел валютасын сатып алу-сатудан түскен кіріс";

немесе шетел валютасын сатып алу-сатудан болған шығыстар сомасына:

Дт 845 02 "Шетел валютасын сатып алу-сатудан түскен шығыстар"

Кт 333 "Қызметкерлердің және басқа тұлғалардың берешегі".

#### **4-тарау. Шетел валютасын қайта бағалау бойынша есепке алу**

14. Уәкілетті ұйымның есеп саясатына сәйкес есепке алу бағамы өзгерген кезде кассада және банктік шотта шетел валютасының барлық қалдықтарына қайта бағалау жүргізіледі:

1) есепке алу бағамы көбейген кезде оң бағам айырмасының сомасына:

Дт 452 "Кассадағы шетел валютасындағы қолма-қол ақша"

431 02 "Шетел валютасындағы ағымдағы шоттардағы ақша";

Кт 725 01 "Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен жұмсалмаған кірістер";

2) есепке алу бағамы азайған кезде оң бағам айырмасының сомасына:

Дт 844 01 "Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен жұмсалмаған шығыстар"

Кт 452 "Кассадағы шетел валютасындағы қолма-қол ақша"  
431 02 "Шетел валютасындағы ағымдағы шоттардағы ақша".

15. Сатылған шетел валютасы бойынша шетел валютасын қайта бағалаудан түскен жұмсалмаған кірістер мен шығыстарды уәкілетті ұйым уәкілетті ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен шетел валютасын қайта бағалаудан жұмсалған кірістер мен шығыстарға жатқызады, мынадай бухгалтерлік жазбалар жүргізіледі:

жұмсалған кірістер сомасына:



- Дт 725 01 "Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен жұмсалмаған  
к і р і с т е р "
- Кт 725 02 "Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен жұмсалған  
кірістер";
- жұмсалған шығыстар сомасына:
- Дт 844 02 "Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен жұмсалған  
ш ы ғ ы с т а р "
- Кт 844 01 "Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен жұмсалмаған  
шығыстар".